



Бекітемін
«Қазақ-неміс политехникалық
колледжі» білім беру
мекемесінің директоры
 Қ.Бакберген



Келісемін
Түркістан облысының адами
элеуетті дамыту басқармасының
«Облыстық дарынды балаларды
анықтау және қолдау орталығы»
КММ-нің директоры
 Э. Асқарова



Жалпы білім беру ұйымдарындағы 9-сынып оқушыларына арналған математика және физика пәндері бойынша облыстық олимпиаданың ережесі

1. Жалпы ереже


1.1 Осы Ереже 9-сынып оқушыларына арналған **математика және физика** пәндері бойынша облыстық олимпиаданың ережесі (бұдан әрі-Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ ұйымдастыру-әдістемелік қызметті қамтамасыз етуді, өткізу және қаржыландыру тәртібін, оған қатысу шарттарын, жүлдегерлер мен жеңімпаздарды анықтауды айқындайды.

1.2 Олимпиаданың ұйымдастырушысы «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен Кентау қалалық «Қазақ-неміс политехникалық колледжі» білім беру мекемесі болып табылады. Олимпиада оқушылардың ғылыми зерттеу және оқу-танымдық әрекеттерін ынталандыру, шығармашылық белсенділігін дамыту, талантты да дарынды жас зерттеушілерді іріктеу мақсатында жалпы және орта білім беру ұйымдарының 9 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылады.

1.3 Олимпиаданың негізгі мақсаты – физика және математика пәні бойынша зейінді, ойы ұшқыр, ойлау қабілеті зерек, дарынды балаларды анықтау, қолдау арқылы балаларды техникалық мамандықтарға баулу, кәсіби бағдар беру жұмыстарын іске асыру.

1.4 Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- оқушылардың ғылыми зерттеу және оқу-танымдық әрекеттерін ынталандыру;
- ақыл-ой еңбегінің мәртебесін жоғарылату;
- колледжге қабылдау емтихан пәндері бойынша дайындық деңгейін анықтау;
- мектеп оқушыларының қызығушылықтарын және талаптарын анықтау;
- Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.



2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

2.1 Олимпиаданың ұйымдастырушылары «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен Кентау қалалық «Қазақ-неміс политехникалық колледжі» білім беру мекемесі болып табылады.

2.2 Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, оның міндеттеріне:

- облыс көлеміндегі ұйымдастыру комитеттерінің қызметтерін үйлестіру, олимпиада өткізуде келісілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру және олимпиадаға ұсынылған материалдарды бағалау өлшемдерін әзірлеу кіреді;
- ұйымдастыру комитеті олимпиаданы өткізу тәртібін, нысандарын, орны мен өткізу мерзімін анықтайды, қатысушылар тізімін және қазылар алқасының құрамын бекітеді;
- ұйымдастыру комитетінің құрамы «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының бұйрығымен бекітіледі; (келісім бойынша)
- олимпиада Кентау қаласында «Қазақ-неміс политехникалық колледж» базасында өткізіледі;
- олимпиада қатысушыларын бағалау қазылар алқасы мүшелері тарапынан жүргізіледі;
- жүлдегерлер қазылар алқасының шешімімен анықталады;
- физика және математика пәндері бойынша олимпиада тапсырмалары мектеп бағдарламасына сәйкес әзірленген болуы керек.

2.3 Қазылар алқасы:

- қазылар алқасының құрамын және оның жұмыс істеу тәртібін «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» директоры бекітеді(келісім бойынша)
- білім беру, ғылыми, әдістемелік мекемелердің, шығармашылық топтар мен әдістемелік кабинеттің әдіскерлері мен жоғарғы оқу орнының ғалымдары қазылар алқасының мүшелері бола алады.

Олимпиада үш кезеңде өткізіледі:

- Мектепішілік кезең
- Аудандық кезең
- Облыстық кезең

Байқаудың үшінші кезеңіне қатысу үшін жалпы білім беру ұйымдарының аудандық кезеңінен I,II,III- орын алған оқушылар 2022 жылдың мамыр айының 05 жұлдызына дейін darynobl@mail.ru электронды поштасына сұраныс пен байқаудың 2 кезеңінің хаттамаларының скан вариантын жібереді.

-Байқау санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды сақтай отырып оффлайн форматта өтеді.

А.И.И.

3.Бағалау өлшемдері:

- 3.1 Тест тапсырмалары әр пән бойынша жауаптарының 4 нұсқасы бар 25 тапсырмалардан, жалпы 50 сұрақтан тұрады. —
- 3.2 Тест орындауға 1 сағат 30 минут беріледі.
- 3.3 Ең жоғары балл – 50 балл.
- 3.4 1 дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
- 3.5 Теориялық сұрақтар 90 минут —
Апелляция қарастырылмайды.

4. Олимпиада қатысушыларына қойылатын талаптар

- 4.1 Физика және математика пәндері бойынша олимпиадаға мамандандырылған және жалпы білім беру ұйымдарынан 9-сыныптар арасында аудандық кезеңінен іріктеуден өткен 3 оқушыға дейін қатыса алады;
- 4.2 Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінің жүлдегерлері қатыспайды.

5. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

- 5.1 Пәндік олимпиада қорытындысы өткізілген күні әділ қазылар шешімімен хаттама толтырады және қатысушылардың нәтижесін хабарлайды. Олимпиада аяқталған соң қазылар алқасы жиынтық хаттама толтырады. Хаттамаға олимпиада тапсырмалары мен олимпиада қатысушыларының жауаптарының материалдары қоса тіркеледі.
- 5.2 Физика және математика пәндері бойынша олимпиада жеңімпаздары «Қазақ-неміс политехникалық колледжі» ББМ техникалық мамандықтарында тегін білім алуға құқық беретін сертификаттар, «Дарын» орталығының I, II, III дәрежелі диплом, мақтау қағаздары мен «Қазақ-неміс политехникалық колледж» білім беру мекемесінің бағалы сыйлықтарымен марапатталады.

6. Қаржыландыру

- 6.1 Байқауға қатысушылардың және жетекшілердің іс-сапар шығындары жіберуші жақтың есебінен төленеді.

А.И.И.